А.С. Ғаниева
С.Қ. Сәкенов
Б.М. Хасенова
Е.Ж. Рахманқұлов

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.2.7.14

Айнагүл Сәбитқызы Ғаниева[1], ganieva@mail.ru,
Серғазы Қайырбекұлы Сәкенов[2], sergazi_82@mail.ru,
Бақыт Мулдашқызы Хасенова[2], alicar@inbox.ru
Ерболат Жақсыбекұлы Рахманқұлов[1], mr.doublecherry@mail.ru
[1]«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі,
Астана қ., Қазақстан;
[2]Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қ. Филиалы,
Астана қ., Қазақстан

Елорда өңірінде Бозоқ II қазақ қыстауының археологиялық зерттеулерінің нәтижелері*

Мақала Бозоқ II қазақ қыстауында жүргізілген археологиялық зерттеу нәтижелеріне арналған. 2021-2022 жж. бес құрылыс конструкциясы, үш тұрғын үй, екі шаруашылық құрылыстар зерттелді. Құрылыстар күйдірілмеген кірпіштен салынған. Үй құрылысында табиғи материалдар: саз, құм, қамыс пайдаланылған. Қыстаудың мәдени қабатында мерзімдейтін материалдың көп мөлшері табылды, олардың ішінде фарфор ыдыстың фрагменті, керамика, темірден, қоладан, шыныдан жасалған заттар, декоративті безендіру бөлшектері, тиындар, алдын ала салыстырмалы сипаттама берілген 300-ден астам жануарлардың остеологиялық материалдар болды. Қыстау материалдары үй құрылысының дәстүрлері мен технологияларын қадағалауға, қазақтардың тұрмыстық және шаруашылық өмірінің аспектілерін анықтауға мүмкіндік береді. Бозоқ II қыстау аумағында жүргізілген стационарлық зерттеулер Астана қаласының тарихы туралы мәліметтерді кеңейтіп, нақты фактілермен толықтыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Солтүстік Сарыарқа, Бозоқ II, қыстау, тұрғын үй, шаруашылық

Айнагуль Сабитовна Ганиева[1],
Серғазы Кайырбекович Сакенов[2],
Бакыт Мулдашевна Хасенова[2],
Ерболат Жаксыбекович Рахманкулов[1],
[1]Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозок»,
г. Астана, Казахстан;
[2]Филиал Института археологии имени А.Х. Маргулана в г. Астана,
г. Астана, Казахстан

Результаты археологических исследований казахской зимовки Бозок II на территории столицы

Статья посвящена итогам археологического обследования казахской зимовки Бозок II. В 2021-2022 гг. исследованы пять строительных конструкций: три – жилых, две – хозяйственные пристройки. Сооружения построены из сырцового кирпича. При строительстве домов использовались природные материалы: глина,

© 2023 г. Ғаниева А.С., Сәкенов С.Қ., Хасенова Б.М., Рахманқұлов Е.Ж.
**Мақала ҚР МСМ BR10164134 мақсатты-қаржыландыру бағдарламасы аясында орындалды*

песок, жерди, камыш. Культурный слой қыстау содержал большое количество датирующего материала, среди них фрагменты фарфоровой посуды, керамики, предметы из железа, бронзы, стекла, детали декоративного убранства, монета, остеологический материал (кости животных, 300 фр.), которым дана предварительная сравнительная характеристика. Жилища датируются серединой XIX в. – началом XX в. Материалы зимовок позволяют проследить традиции и технологии домостроительства, выявить аспекты бытовой и хозяйственной жизни казахов. Проведённые стационарные исследования на зимовке Бозок II позволили пополнить конкретными фактами и расширить сведения по истории современной столицы.

Ключевые слова: Северная Сарыарка, Бозок II, қыстау, жилище, хозяйство

Ainagul Ganieva[1],
Sergazy Sakenov[2],
Bakyt Khasenova[2],
Yerbolat Rakhmankulov[1],
[1]State Historical and Cultural Museum-Reserve „Bozok“,
Astana, Kazakhstan
[2]Branch of the Margulan Institute of Archaeology in Astana,
Astana, Kazakhstan

The results of archaeological research of the Kazakh wintering Bozok II on the territory of the capital

The article is devoted to the results of the archaeological survey of the Kazakh wintering of Bozok II. In 2021-2022, five building structures were investigated, three – residential, two – outbuildings. The structures are built of mud bricks. Natural materials were used in the construction of houses: clay, sand, poles, reeds. The wintering cultural layer contained a large amount of dating material, including fragments of porcelain tableware, ceramics, weights, dagger, objects made of iron, bronze, glass, decorative details, a coin, more than 300 fragments of osteological material of animals, which were given a preliminary comparative characteristic. The dwellings date from the middle of the 19th century – the beginning of the 20th century. The materials of winter quarters allow us to trace the traditions and technologies of house-building, to identify aspects of the household and economic life of the Kazakhs. The stationary studies carried out on the territory of the wintering of Bozok II allowed us to supplement with concrete facts and expand information on the history of the modern capital.

Keywords: Northern Saryarka, Bozok II, wintering, housing, economy

Қазақтардың қыстауы отырықшылық және мерзімді көші-қонның өзара үйлескен тұрмыс-тіршіліктің жарқын үлгісі болып табылады. Қыстаулар, әдетте, көшпелі тұрмыста қысқы мезгілде өмір сүру үшін пайдаланылды. Бұл қыс айларында төрт түлікті асырауға және суықтан қорғау үшін ыңғайлы орынмен қамтамасыз ете отырып, мал шаруашылығы үшін көшпелі өмір салтын сақтауға мүмкіндік берді. Осылайша, қазақ қыстаулары көшпелі және отырықшы мәдениеттердің элементтерін біріктіретін бірегей бейімделудің айғағы болып табылады. Ш.Ш. Уәлиханов қазақтардағы мал шаруашылығының ерекшелігі туралы: «<...> қыста қыстаусыз, жазда жайлау мен көктеусіз қазақтың жері қанша үлкен болсада, оларды асырай алмауы мүмкін емес екенін айтады <...>» [Валиханов 1985]. Қазақ халқының тұрмыс қағидасында табиғатқа, өмірге деген бейімділіктің сан алуан қырын көре аламыз. Қазақ даласында қыстаулар әр өңірлердің климатына, жер-бедеріне, флорасы мен фаунасына байланысты сан түрлі болып келеді. Мәдениеті бай, шаруашылықтың да алуан түрін кездестіруге болады. Барлық тарихи кезеңдерде қазақ тұрғын үйлері мен қоныстарын орналастыру табиғи жағдайларға байланысты болды.

Тұрғын үй халықтың материалдық мәдениетінің ежелгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, және де шаруашылық түрін, өмір салтын, климаттық ерекшеліктері мен дәстүрлі көрінісін бейнелейді.

XIX ғасырдан бастап Қазақстанның барлық аумағында тұрғын үйлердің пайда болуы экономикалық көрсеткіш пен дәстүрлі өмірдің

өзгеруіне байланысты. Жаңа заманда Қазақстанның барлық өңірлерінде саман, шымтезек, ағаш, қамыс, тас пайдаланылған қазақ қыстауларының қирандылары кеңінен тараған. А.З. Бейсеновтың Орталық Қазақстандағы жұмысының далалық тәжірибесі қазақ қыстауларының негізгі бөлігі жойылғанын немесе олардың қалдықтары ғылыми зерттеуге жарамсыз дегенін айқындайды [Бейсенов 2021: 12].

Солтүстік Сарыарқа өңірі тұрғындарынң отырықшы қоныстарын зерттеу өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Бұл өңірде қазақ қыстақтары біркелкі зерттелмеген. Біздің зерттеулерімізбен Сарқырама, Қозыкөш қыстаулары қатар зерттелуде. Қозыкөш қыстауы 80 жеке үйден тұрады. Қоныс материалдары Қазақстан аумағының XIX ғ. отарланудан туындаған түбегейлі тарихи-саяси өзгерістердің бейнесін ашады [Хабдулина 2002: 15].

Қазақ қыстауы туралы ақпарат тарихи-саяси үрдістерді, қазақтың отырықшы тұрғын үйінің қалыптасуы мен дамуы, нарықтық экономикаға бағдарланған және қала экономикасымен тығыз байланысты шаруашылық-мәдени түрінің өзгеруі туралы деректерді зерделеу кезінде өте маңызды болып табылады.

Мақаланың негізгі материалдары Астана өңірінде Есіл өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан Бозоқ II қазақ қыстауында ашылып, зерттелді.

Бозоқ II қыстауы стратегиялық және шаруашылық-мәдени тұрғыдан Нұра-Есіл ландшафтық аймағында ең қолайлы жағдайға ие. Ол Сарыарқаның солтүстік өңіріндегі екі ірі суайрық Нұра және Есіл өзендерінің аралығында, Бұзықты көлінің оңтүстік-шығыс жағалауында орналасқан.

2021 жылғы археологиялық қазба жұмыстары кезінде екі тұрғын үй мен оның шаруашылық құрылымдары зерттелді. Қазба 625 м^2 аумақта жаппай ашу әдісімен жүргізілді [Ганиева и др. 2022]. Көлемі 16×8 м, 12×8 м үйлер екі бөлмеден тұрған, үлкен үйде бөлмелер ені 1,2 м ішкі қабырғамен, екіншісінде – бөлменің ортасында екі бөлмені бөліп, жылытатын бес бағаналы пеш салынған [Ганиева и др. 2022: 95]. Шаруашылық қызметпен байланысты оңтайлы шешімдердің бірі – тұрғын үйдің жанында малға арналған шаруашылық құрылыстарын салу және оларды ортақ өткелмен қосу. Табылған заттарға сүйеніп қыстауды XIX ғ. аяғы – XX ғ. басымен мерзімдеуге болады [Ганиева и др. 2022].

Қазақстанның солтүстік өңірлерінің тұрғын үйлері бірнеше сәулеттік белгілері бойынша ерекшеленеді, негізінен олар қоршаған орта мен ландшафтқа бағынады. Үй құрылысы кезінде табиғи материалдар пайдаланылған: саз, құм, ағаш, қамыс, шым.

2022 жылы Бозоқ II қыстауында археологиялық зерттеу жұмыстары жалғастырылды. Бозоқ II қыстауына іргелес аумақта бір шаруашылық-тұрғын үй кешені толық зерттелді. Бұзықты көлінің шығыс бөлігінде, 2021 жылғы қазбадан оңтүстікке қарай 50 м қашықтықта биік жағалауда екі құрылыстың қираған қалдықтары анықталды.

№ 1 құрылыс Бұзықты көлі жағасының шетіне жақын орналасқан, ордың тереңдігі 0,3 м және дуалың биіктігі 0,4 м аспайды. Нысанның ұзындығы 16 м, ені 8 м шығыс бөлігінің дуалы қарама-қарсы бөлікпен салыстырғанда биіктеу. Құрылымның жартылай сопақ батыс қабырғасы жердің беткі қабатында жақсы көрінеді, мұндай ерекшеліктер аймақтың барлық қыстауларында жиі кездеседі. Дөңгеленген бұрыштар мен сопақ пішінді қабырғалар табиғи-климаттық жағдайларға бейімделудің белгілері болып табылады. Жартылай сопақ пішінді қабырғалар күзгі-қысқы уақытта қатты жел мен қатты боран қысымын азайтуға мүмкіндік береді. Айта кету керек, қазақтардың күнделікті сөйлеуінде де “жел терісінен соғып тұр”, “қар терісінен қағып тұр” тіркестері сақталған.

Қазақ қыстауына тән тағы бір тұрақты құрылыстық әдіс – тұрғын үйдің шығыс бөлігі іргетастан жоғары деңгейде болуы. Тұрғын үйдің іргетасы 4×8 м, ұзын қабырғалары солтүстік-шығысқа бағытталған. Тұтастай алғанда, бұл тұрғын үй құрылымын және оған іргелес шаруашылық құрылысын біріктіретін, малды ұстауға арналған бірыңғай сәулет кешені. Екінші ғимарат шығыс жағындағы № 1 құрылымға іргелес орын тепкен.

№ 2 құрылыс. Өлшемі 10×15 м тікбұрышты алаң. Тікбұрышты алаң жер бетінен 0,15 м-ден биіктеу, сондықтан ол нақты белгіленді. Ғимараттың ұзын қабырғалары батыстан шығысқа, қысқа қабырғалары солтүстіктен оңтүстікке бағытталған. Ішкі бөлігінде құрылымды үш тең бөлмеге бөлетін екі ішкі

қабырғаның іргетасы байқалады. Қазба басталғанға дейін құрылыстың үстіңгі бетінен күйдірілген қызыл кірпіштің кішігірім бөліктері жиналып алынды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында топографиялық жағынан жақын тұрған үйлердің өз атаулары бар. Үйлер мақсаты бойынша бөлінеді: “үлкен үй” – отбасы иесінің тұратын үйі, “кіші үй” – шаруашылық құрылыстар, мұнда шопанның отбасы немесе жұмысшылар тұрады.

Археологиялық зерттеу нысаны ретінде № 2 құрылыс таңдалды. Нысанды зерттеу үшін 16×12 м көлемінде қазба салынды. Қазба жұмыстары кезінде стратиграфияны анықтау мақсатында ұзынынан және көлденең жалдар қалдырылып, секторларға бөлінді. Нысан археологиялық жаппай ашу әдісімен зерттелді, бұл архитектуралық құрылымның қалдықтарын толық құжаттауға мүмкіндік берді.

№ 2 құрылыстың жалпы ауданы 192 м^2, қазба секторларға бөлінген, әр сектордың өлшемі 4×3 м. Барлық секторларда топырақтың беткі қабаттарын алып тастағаннан кейін құрылымның іргетасы 0,2 м деңгейінде анықтала бастады. Іргетасы саздан жасалған кірпіштен тұрғызылған. 0,4 м деңгейінде барлық секторларда тазарту жұмыстары кезінде тұрғын үйдің алғашқы бірнеше кірпіштері толығымен анықталды.

Қазба жұмыстары нәтижесінде тұрғын үй салу үшін пайдаланылған құрылыс материалы анықталды. Тұрғын үй құрылысының жоспары тікбұрышты, өлшемі 12×7 м, қабырғалары саманнан тұрғызылған. Қабырғалардың ені бір метрге дейін жетеді, кірпіш байламға сәйкес бірнеше қатарға тізілген. Кейбір жерлерде 30×20×20 см болатын кірпіштің өлшемін анықтауға болады. Тұрғын үй үш бөлмеден тұрады, бұған іргетастың қалған бөліктері және ішкі бөлгіш қабырғалардың кірпіштері дәлел бола алады.

Тұрғын үйдің кіре берісі бөлменің шығыс жағында болған, өйткені бөлменің оңтүстік-шығыс бөлігінде ішкі қабырғаға салынған пеш бекітілген. Пештің қалдықтары күйе іздерімен белгіленеді, дақтың мөлшері 0,8×0,6 м. Тазартудан кейін шұңқырлар қара түсті саздақпен толтырылған, кейбір бөліктерінде кірпіш қатарлары бекітіліп, күйдірілген қызыл кірпіштің кішігірім бөліктері табылды. Ошақтың айналасында күл мен күйе қабаты тазартылды.


Басқа пештің іздері батыс және орталық бөлменің ішкі қабырғасына бекітілген орталық бөліктен табылды. Пештердің өлшемі біркелкі 0,8×0,6 м. Тұрғын үйді екі пеш жылытқан. Бірінші пеш кіреберіс бөлмені, ал екіншісі орталық және ең шеткі батыс бөлмені жылытатын етіп жасалған. Үшінші батыс бөлменің ортасынан мөлшері 1,1×1,2 м, еденінен 0,3 м биіктікте орналасқан “суфа” тазартылды, әдетте олар пештерге бекітілген. Жалпы, үйдің интерьері қарапайым, бөлменің едендері сазбен майланған болуы мүмкін.

Сыртқы қабырғалардың бұзылуының іздері бүкіл периметр бойынша көрінеді. Қабырғалардың құлау процесін анықтау мүмкін болмады, себебі уақыт өте келе жауын-шашынның әсерінен саманнан жасалған кірпіш біртекті қоспаға айналды.

Археологиялық қазба жұмыстары бойынша тұрғын үйдің элементтері. Тұрғын үйдің қабырғалары біркелкі өлшемдегі 30×20×20 см кірпіштен тұрғызылған. Саздан жасалған кірпіштің экологиялық таза және салыстырмалы түрде қол жетімділігінің арқасында Бозоқ II қыстауының тұрғындары кеңінен қолданған.

Қабырғаларды қалау кірпіш байламдарын сақтай отырып жасалған: бірінші қатардағы кірпіш көлденең қойылса, екінші қатар ұзынынан қаланған. Сыртқы қабырғалардың қалыңдығы бір метрге дейін жетті, сылақтың іздері байқалмайды. Қабырғаларды сылақпен және әкпен ішкі өңдеу анықталмады. Үйдің кіреберісі оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Өлшемі 4×7 м болатын үш бөлмеден тұратын үй екі пешпен жылытылған, әр бөлмеде күн сәулесінің енуі үшін терезе ойығы болған. Шатыр бөренелерден салынып, қосымша қамыс пен күл қабатымен жабылған, бұған ғимараттың ішкі алаңын тазартқанда табылған қамыс қабаты дәлел бола алады. Үйдің жалпы тұрғын ауданы 84 м^2 құрады. Зерттеу нәтижесінде тұрғын үй ауқатты адамға тиесілі екені белгілі болды (1-сур.).

Қазба жұмыстары кезінде аздаған ұсақ мал сүйектері, темірден жасалған бұйымдардың бөліктері, патша уақыты тиыны (1830 ж. 1 тиын), өсімдік ою-өрнегі бар қола жапсырма табылды. Алынған материалдардың жиынтық талдауы тұрғын үй кешенін XIX ғасырмен мерзімдейді.



1-сур. Бозоқ II қазақ қыстауы. Жоспар
Fig. 1. Kazakh winter dwelling of Bozok II. Plan
Рис. 1. Казахская зимовка Бозок II. План

Жалпы екі жылдық археологиялық маусым ішінде Бозоқ II қыстауында 1000 м^2 жер көлемінде қазба жұмыстары жүргізілді. Бес тұрақты құрылыс ашылды, оның ішінде үш тұрғын үй, екі шаруашылық құрылыстар. Үш тұрғын үй саздан жасалған кірпіштен қаланған, ұзын қабырғаларымен батыстан шығысқа бағытталған. Саз балшықтан жасалған үйлер түрі там үй деп аталған. Олар екі бөлмелі немесе бай қазақтарда үш-төрт бөлмелі болып қаланған [Дукомбайев 2017: 207].

Қыстау аумағында археологиялық қазба жұмыстары кезінде жиналған остеологиялық материалдарға Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының зооархеологиялық зертханасында салыстырмалы сараптама жүргізілді. Талдау нәтижесінде жануарлардың басым бөлігі ірі қара мал болса, екінші орында – жылқы сүйектері, ал үшінші орында – қойлар саны анықталды [Шагирбаев и др. 2022: 152]. Осындай пәнаралық талдаулар қоныстың шаруашылық және мәдени түрін анықтауға мүмкіндік берді.

XIX ғасырда Ақмола өңірінде қазақтардың мал шаруашылығы ірі қара мал өсіруге бағытталғанын, қыстаудағы № 1 тұрғын үйдің (2021 ж. қазба) мәдени қабатынан табылған өнеркәсіптік масштабта сүт өнімдерін өңдеуге арналған темірден жасалған механикаландырылған жабдықтың бөлшектері дәлелдейді [Ганиева, Хасенова 2022]. Ірі қара мал өсірумен айналысқан мал шаруашылығын дамыту Ақмола бекінісінің нарығы қажеттіліктеріне тікелей байланысты болғанын атап өту қажет. Ақмола жәрмеңкесінен қыстауға тұрмыстық заттар мен керек-жарақтар жеткізіліп, ал өз кезегінде қыстау қаланы мал өнімдерімен қамтамасыз етті.

Бозоқ II қыстауында қора мен көң үйіндісінің орны анықталды. Сарайлардың бірі үйге іргелес орналасса, ал екіншісі бөлек салынған. Қыстауды

жоспарлау кезінде көбінесе қора үйге іргелес болған. Археологиялық зерттеулер көрсеткендей, қыстау құрылымында жануарлардың жекелеген түрлері, буаз малдар және жаңа туған бұзауларды ұстайтын қосымша құрылымдар салынған [Бейсенов 2019: 12; 2020: 231].

Ақмола облысы бойынша қоныс аудару басқармасының мәліметінше, XX ғасырдың басында өңірде 14696 тұрақты тұрғын үй құрылыстарынан, 13937 киіз үйден тұратын 13000-нан астам шаруа қожалықтары болған. Тұрақты құрылыстарға тұрғын үйлер (кірпіш, ағаш, жертөле) мен киіз үйлер саналды. Соңғысы барлық тұрғын үйлердің аз пайызын құрайды, бұл тұрғындардың көп бөлігі отырықшы өмір салтына жақындағанын көрсетеді [Киргизское хозяйство... 1910: 66].

Қазақстандық қыстаулардағы шаруашылықтың құрылымын, үй жануарларының санын, олардың тұқымы мен жасын анықтау мәселесі қазіргі таңда өзекті. Құрылыс жоспарында қыстаудың ортағасырлық ғимараттардан айтарлықтай ерекшеленбейтінін көруге болады [Бейсенов 2019: 28]. А.З. Бейсеновтың айтуынша Сарыарқа жеріндегі қазақ қыстаулары кейінгі ортағасырлық Отырар тұрғын кешендерімен ұқсастығы айқын көрінеді. Т.В. Савельева «ортағасырлық қалалардың көпшілігі түркі тайпаларының қыстайтын жерінде пайда болған», - деген пікір айтады [Савельева 1989: 435]. Бұл пікірді Жетісу өңіріндегі қазақ қыстауларын зерттеген С. Жолдасбаев та растайды. Ол: «<...> біз зерттеп жатқан қоныстар жерімізде өмір сүрген және халқымыздың негізін құраған түркітілдес тайпалардың қыстайтын жерлері екенін түсіну керек», - деп жазды [Жолдасбаев 2017: 108].

Қорыта келгенде қазақ қыстаулары қазақ мәдениетінің айқын бейнесі, қазақ жеріндегі архитектуралық құрылыстың бір көрінісі. Біздің ата-бабаларымыздың жазық дала, шөл және шөлейт жағдайларға бейімделу тәжірибесі тек шаруашылықты, күнделікті өмірді ұйымдастыруда ғана емес, сонымен бірге терең тамыр жайған құрылыс мәдениетінің дәстүрлерінде де байқалады. Қыстаулардың өзгеруі халықтың мәдени салты деңгейін көрсетеді. Қыстау көшпелі өмірдің бөлшегі, шаруашылыққа қолайлы, үйде отырып зергерлік, ағаш ұсталықпен айналысатын таптырмас орын.

Қазақ қыстаулары туралы зерттеу алдағы уақытта да өз өзектілігін жоғалтпайды. Қазақ тұрмысының әр кезеңдегі тыныс тіршілігін нақты білу үшін түрлі сала мамандарын қатыстыра отырып зерттеу жүргізген жөн. Өңірдегі ауа-райының өзгеруі, 100 жылдан бергі жауын-шашын мөлшері, желдің жылдамдығы мен бағыттары, жыл мезгілдердің ұзақтығының өзгерісі т. б. зерттеу маңызды. Сонымен қатар, жер бедері тектоникалық белдеулердің өзгерісі, топырақ құрамы, флора мен фауна, археологиялық, тарихи-этнографиялық зерттеулерді де жүргізу уәөыт еншісінде.

ӘДЕБИЕТ

Елорда өңірінде Бозоқ II қазақ қыстауының археологиялық зерттеулерінің нәтижелері

Валиханов Ш.Ш. О кочевках киргизов // Собр. соч. Сост.: А.Х. Маргулан. Т. 4. Алма-Ата: Каз. энцикл., 1985. 106 б.

Бейсенов А.З. К.А. Акишев и вопросы изучения памятников казахского времени // Маргулановские чтения – 2019: м-лы Междунар. археол. науч.-практ. конф., посвящ. 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева (г. Нур-Султан, 19-20 апреля 2019 г.) / Отв. ред. М.К. Хабдулина. Нур-Султан: НИИ археологии им. К.А. Акишева, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. С. 10–38.

Бейсенов А.З. Чингистау. Размышления у старой зимовки Абая // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края. Сб. науч. статей / Отв. ред. А.А. Тишкин. Барнаул: АлтГУ, 2020.Вып. XXVI. С. 229–240.

Бейсенов А.З. Вопросы изучения и сохранения казахских зимовок // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края: сб. науч. статей / Гл. ред. А.А. Тишкин. Барнаул: Алтайский гос. ун-т, 2021. Вып. XXVII. С. 7–16.

Ганиева А., Ананьевская Е., Хасенова Б. Предметная коллекция казахского кыстау: по материалам полевых исследований в Акмолинском Приишимье // Электронный научн. журнал «edu.e-history.kz». 2022. № 3 (31) С. 90–98. URL: https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/45 (дата обращения 25.03.2023).

Ганиева А.С., Рахманкулов Е.Ж., Кунанбаева Ш.Д., Кульжанова Б.Т. Опыт графической реконструкции казахского жилища (по археолого-этнографическим материалам) // XIV Оразбаевские чтения на тему: «Межкультурные контакты в древности и средневековье: новые исследования и открытия». Алматы: Қазақ университеті, 2022. С. 91–98.

Ганиева А.С., Сакенов С.К., Хасенова Б.М. Результаты исследования кыстау Бозок II (Акмолинское Приишимье) в 2021 г. // Маргулановские чтения-2022: м-лы Междунар. науч.-практ. конф. (г. Алматы, 12-13 апреля 2022 г.) / Гл. ред. А. Онгарулы; отв. ред. Т.Б. Мамиров. Алматы: ИА КН МНВО РК, 2022. С. 16–24.

Ганиева А.С., Хасенова Б.М. Коллекция находок поселения Бозок II в северной Сарыарке // Музей и наука: м-лы Всерос. науч.-практ. конф., посвящ. 45-летию со дня основания музея «Археология, этнография и экология Сибири» КемГУ (г. Кемерово, 11 ноября 2021 г.) / Отв. ред. Н.А. Белоусова. Кемерово: КемГУ, 2021. С. 44–48.

Дукомбайев А. Реконструкция ранних типов казахских наземных жилищ по материалам полевых исследований // Современные проблемы изучения древних и традиционных культур народов Евразии: м-лы LVII российской (с междунар. участием) археолого-этногр. конф. студентов, аспирантов и молодых ученых (г. Сургут, 17-21 апреля 2017 г.) / Отв. ред. А.В. Кениг. Сургут: ИАЭт, 2017. С. 206–208.

Жолдасбаев С.Ж. Қазақ елінің XV–XVIII ғасырлардағы тұрақты мекенжайлары / Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. X. Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2017. 304 б.

Киргизское хозяйство в Акмолинской области в 1908 г. Т. III. СПб., 1910. 136 с.

Савельева Т.В. Формирование средневековых городов у кочевников (по материалам раскопок городища Талгар) // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций / Отв. ред. В.М. Массон. Алма-Ата: Наука, 1989. С. 432–438.

Хабдулина М.К. Этнографическое поселение Козыкош конца XIX – начала XX в. // Маргулановские чтения-2022: м-лы Междунар. науч.-практ. конф. (г. Алматы, 12-13 апреля 2022 г.) / Гл. ред. А. Онгарулы; отв. ред. Т.Б. Мамиров. Алматы: ИА КН МНВО РК, 2022. С. 9–15.

Шагирбаев М.С., Ганиева А.С., Сакенов С.К. Хозяйство казахов Нура-Ишимского междуречья XIX– начала XX в. (по остеологическим материалам зимовки Бозок II) // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2022. № 1 (15). С. 146–163. DOI: 10.52967/akz2022.1.15.146.163

REFERENCES

Valikhanov, C. C. 1985. *Sobranie sochineniy v pyati tomah (Collected works in 5 vol.)*. Vol. 4 / Margulan, A. K. (compl.). Alma-Ata: “Kazahskaya sovetskaya entsiklopediya” Publ. (in Russian).

Beisenov, A. Z. 2019. In: Khabdulina, M. K. (ed.). *Margulanovskie chteniya–2019 (Margulan Readings–2019).* Nur-Sultan: K.A. Akishev Institute of Archaeology, Eurasian National University, 10–38 (in Russian).

Beisenov, A. Z. 2020. In: Tishkin, A. A. (ed.). *Sokhranenie i izuchenie kulturnogo naslediya Altayskogo kraya (Preservation and study of cultural heritage of Altai territory).* Vol. 26. Barnaul: Altai State University, 229–240 (in Russian).

Beisenov, A. Z. 2021. In: Tishkin, A. A. (ed.). *Sokhranenie i izuchenie kulturnogo naslediya Altayskogo kraya (Preservation and study of cultural heritage of Altai territory).* Barnaul: Altai State University, 27, 7–16 (in Russian).

Ganieva, A., Ananyevskaya, E., Khasenova, B. 2022. In: *Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”*, 3 (31), 90–98 (in Russian) (accessed 25.03.2023).

Ganieva, A. S., Rakhmankulov, E. Z., Kunanbayeva, S. D., Kulzhanova, B. T. 2022. In: *XIV Orazbayevskie chteniya (14th Orazbayev Readings)*. Almaty: “Kazakh University” Publ, 91–98 (in Russian).

Ganieva, A. S., Sakenov, S. K., Khasenova, B. M. In: Onggaruly, A., Mamirov, T. B. (eds.). *Margulanovskie chteniya–2022 (Margulan Readings–2022)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 16–24 (in Russian).

Ganieva, A. S., Khasenova, B. M. 2021. In: Belousova, N. A. (ed.). *Muzei i nauka (Museum and science)*. Kemerovo: Kemerovo State University, 44–48 (in Russian).

Dukombaev, A. 2017. In: Kenig, A. V. (ed.). *Materialy LVII rossiyskoy (s mezhdunarodnym uchastiem) arkheologo-etnograficheskoy konferentsii studentov, aspirantov i molodykh uchenykh (Proceedings of the 57th Russian (with International Participation) Archaeological-Ethnographic Conference of Students, Postgraduates, and Young Scientists)*. Surgut, 206–208 (in Russian).

Zholdasbayev, S. Z. *Kazakh elinin XV–XVIII gasyrlardagy turakty mekenzhailary (Settlements of the Kazakhs of 15th–18th centuries)*. Astana: Kazakh qylymi-zertteu medeniet institutynyn' baspa toby (in Kazakh, English, Russian).

Kirgizskoe khozyaystvo v Akmolinskoy oblasti v 1908 g. (Kyrgyz Economy in Akmolinsk Region in 1908). 1910. Vol. III. St. Petersburg (in Russian).

Savelieva, T. V. 1989. In: Masson, V. M. (ed.). *Vzaimodeystvie kochevykh kultur i drevnikh tsivilizatsiy (Interaction of nomadic cultures and ancient civilizations)*. Alma-Ata: "Nauka" Publ., 432–438 (in Russian).

Khabdulina, M. K. 2022. In: Onggaruly, A., Mamirov, T. B. (eds.). *Margulanovskie chteniya-2022 (Margulan Readings–2022)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 9–15 (in Russian).

Shagirbayev, M. S., Ganieva, A. S., Sakenov, S. K. 2022. In: *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)*, 1 (15), 146–163 (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.03.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.04.2023.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.